



ЕГГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН

## Ел газетінің жаңашыл қадамдары үлгі етілді

Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-да еліміздің бас басылымы – «Egemen Qazaqstan» газетінің 100 жылдығына орай «Turkistan open media forum». Жаңа және дәстүрлі медиа: ынтымақтастықтың заманауи модельдері» атты форум өтті. Осы форумда ел газеті «Егеменді» болашақ журналистер білім алар, ізденісіне қажетті дүниені табатын, шеберлігін шыңдайтын университетке теңеген пікірді естігенімізде марқайып қалғанымыз рас.



Соңғы жылдары басылымдағы өзгерістердің оқырман һәм бәсекелестік талабына сай жүргізіліп жатқаны, ресми сарын азайып, есесіне сыни, халықаралық жағдайларға қатысты материалдар, шетелдік сарапшылардың пікірлеріне көп орын беріле бастағаны да зиялы қауым өкілдері тарапынан айтылды.

Түркістан облыстық Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен, Қазақстан Журналистер одағы Түркістан облыстық филиалының ұйымдастыруымен өткен форумда кезінде ел газетінде еңбек еткен ардагерлерге құрмет көрсетіліп, басылымның бүгінгі жаңашыл қадамдары үлгі етілді. Түркістан, Жамбыл, Қызылорда облыстарынан, Алматы, Шымкент қалаларынан келген белгілі журналистер республикамыздың бас газетінің торқалы тойына құтты болсын айтты. Түркістанда оңтүстік өңірлер журналистерінің басын қосқан форумға тілектестігін білдіріп, ұсынысы мен құттықтауларын жібергендер де аз емес. Мысалы, қазақ басылымының жанашырлары Сенат депутаттары Нұртөре Жүсіп пен Айгүл Қапбарова, Мәжіліс депутаты Дархан Мыңбайдан арнайы құттықтаулар келіп түсті. Ал «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ Басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлінің құттықтау хатын форум жұмысын жүргізген Журналистер одағы Түркістан облыстық филиалы төрағасы Ғалымжан Елшібай оқып берді. «Бүгінгі ақпарат айдыны өте шапшаң дамуда. Осындай сындарлы кезең

замана көшіне ілесіп қана қоймай, кез келген қиындықтардан жаңашылдықпен жол тауып, тың пікірлермен заманауи тілмен айтқанда креативті идеяларға арқа сүйеуді қажет етеді. Мұндай жағдайда медиакеністікте тер төгіп, ақпарат саласының қазанында қайнап жүрген қызметкерлердің басын қосу, тәжірибе бөлісудің маңызы өте зор. Тек Түркістан ғана емес, республиканың бірнеше өңіріндегі бұқаралық ақпарат құралдарының, блогерлерінің басын қосқан бүгінгі медиафорумның алға қойған мақсаты – осы салада жүрген мамандардың тәжірибесін ұштау, құнды пікірлерді алға қарай ілгерілету деп есептеймін», делінген Басқарма төрағасының құттықтау хатында. Сондай-ақ алқалы жиында сөз алған журналистер ел газетінің өткені мен бүгінгіне, бәсекелестікке сай өзгерістеріне кеңінен тоқталды. Көп жылдар ел газетінде еселі еңбек еткен белгілі қаламгер, «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, жазушы Мархабат Байғұт «Егеменнің» ел тарихындағы ерекше орны мен бүгінгі бағыты туралы әңгімеледі. Әрі жас журналистерді жаңашылдыққа, өз міндетін атқаруда жауапкершілікке үндеді. Кезінде бас басылымның дамуына өзіндік үлес қосқан Алаш арыстары Тұрар Рысқұлов пен Сұлтанбек Қожановтың қазақ газеттеріне жанашырлығын тілге тиек етіп, рухани байлық іздеген тұлғалардың ағартушылық бағыттағы еңбектерін өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге етуге шақырды. Ал Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ журналистика кафедрасының оқытушысы, ғалым Сейдолла Садықов «Егеменнен» еліміздің 100 жылдық тарихын айқын көруге болатынын атап өтті. «Зұлмат жылдардың елесі, ашаршылық, репрессия, екінші дүниежүзілік соғыс, тың игеру сияқты халқымыздың басынан өткен шежірелі кезеңнің барлық көрінісін басылымнан таба аласыз. Ұлттық әдебиетіміздің классикалық озық үлгілері, сөз маржандары да осы газетте жарияланды. Мен өзімнің ғылыми монографияларымды жазу барысында осы басылымның мұрағатын ақтардым. Сталиндік жаппай репрессиялау кезіндегі қаралау, билік тарапынан қолдан ұйымдастырылған іріткі саларлық деректі мақалалар да, жалпы қазақ халқының жүріп өткен жолы, өткен күнінің шежіресін осы еліміздің бас газеті мұрағатынан табуға болады. Басылымның бүгінгі бағыты, нарықтық замандағы ізденістері де үлгі етерлік. Журналистиканы таңдаған жастарға берері мол басылым», дейді Сейдолла Садықов. Сондай-ақ Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінің бас редакторы Көсемәлі Сәттібайұлы мемлекеттік сатып алу, газетке жазылу және басқа да мәселелер бойынша өз көзқарасын ашық айтты. «Тар заманда Алаш зиялылары елдің байманаштарын қазақ баспасөзіне жазылуға шақырған. Қазақ басылымдарын төбесіне көтерген бұл ерлік газетке қырын қарайтындарға сабақ болса», деп ағынан ақтарылды К.Сәттібайұлы. Ал «Egemen Qazaqstan» газетінің Жамбыл облысыбойынша меншікті тілшісі Хамит Есаман басылымның бүгінгі бағыты, жаңа айдарлар, интернет ресурстағы жетістіктері жөнінде әңгімеледі. Түркістан облыстық Қоғамдық даму басқармасының басшысы Дамир Жүнісов «Егеменнің» ақпараттық кеңістіктегі саяси салмағының басымдығын айтып, өңірде оңды істердің ел газеті арқылы республикаға таралып жатқандығына тоқталды. Сондай-ақ форумда «Егеменнің» бай фото-мұрағатында жинақталған ел тарихынан, тәуелсіздіктің сындарлы сәттері мен

жарқын жетістіктерінен сыр шертетін фотосуреттерді, Елбасы мен көрнекті тұлғалардың, Қазақстан қалалары мен көрікті мекендерінің сирек кездесетін көріністерін бүгінгі нарықтық сұранысқа сай тиімді пайдалануды ұсынғандар да болды.

Келелі кеңесте кезінде «Egemen Qazaqstan» газетінде қызмет істеген ардагер журналистер Мархабат Байғұт пен Көсемәлі Сәттібайұлының иығына шапан жабылып, құрмет көрсетілді. «Заң медиа» ЖШС бас директоры Досымбек Қонысбек, республикалық «Ұлан» газетінің бас редакторы Жұлдыз Әбділда, «Отырар» медиахолдингінің директоры Әйгерім Жұмағұлова, «Оңтүстік рабат» газетінің редакторы Жәнібек Нұрыш, Жамбыл облыстық «Арай» газетінің бас редакторы Дәулет Төленді «Жаңа және дәстүрлі медиа: ынтымақтастықтың заманауи модельдері» тақырыбында ой толғады. «Фейк жаңалықтар индустриясы: зардабымен күресу жолдары» тақырыбы да қызу талқыланып, ұсыныс-пікірлер ортаға салынды.

Түркістан төріндегі форум аясында Қазақстан Журналистер одағы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Ғалымжан Елшібайдың ұйытқы болуымен одақтың Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстық, Шымкент қалалық филиалдары және «Медиакратия» қоғамдық бірлестігі арасында бірлескен меморандумға қол қойылды. Форумға қонақ ретінде қатысқан Қазақстан Журналистер одағы басқармасының төрағасы Сейітқазы Матаев тіршілігі қайнаған тілшілер қауымын береке-бірлікке шақырып, елдік мүдде жолында еңбек етуге шақырды. Журналистер одағына мүшелікке қабылданған бірқатар әріптестерге мүшелік куәлікті табыс етті.

Нұршат ТӨКЕН